

**Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында
Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника саласында кең ауқымды ынтымақтастықты
дамыту туралы Шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 24 желтоқсан
N 1292

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік
Республикасы арасындағы Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника
саласында кең ауқымды ынтымақтастықты дамыту туралы Бонн
қаласында 1992 жылғы 22 қыркүйекте қол қойылған Шарт бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
аталған Шарттың бекітілген туралы герман жағын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы мен Германия
Федеративтік Республикасы арасында экономика,
өнеркәсіп, ғылым мен техника саласындағы кең
ауқымды ынтымақтастықты дамыту туралы
ШАРТ

(1994 жылғы 11 қаңтарда күшіне енді - ҚР халықаралық
шарттары бюллетені, 2002 ж., N 9, 59-құжат)

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы, бұдан
былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады,

1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі
Кеңестің Қорытынды актісінің, 1990 жылғы 21 қарашадағы жаңа Еуропаға арналған

Париж хартиясының, сондай-ақ Еуропа елдері қауіпсіздік Кеңесінің /ЕЕХК/ басқа да құжаттарының принциптері мен қағидаларын басшылыққа ала отырып,

1990 жылғы 3 қазанда біртұтас Германия құрылғаннан және 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланғаннан бергі жерде өзара қарым-қатынастарды халықаралық-құқықтық негізде құруға және оларды 1992 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы Бірлескен мәлімдемеге сәйкес кеңінен дамытуға деген бекем ниетпен,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында экономика, өнеркәсіп, ғылым мен техника саласындағы кең ауқымды ынтымақтастық екі мемлекеттің де халықтарының әл-ауқатын жақсартуға жәрдемдесетініне кәміл сеніп

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өтуді жүзеге асыруға деген ұ м т ы л ы с ы н е с к е р і п ,

неміс текті қазақстандық азаматтар да екі мемлекет арасында бір-біріне сенім негізінде экономикалық қатынастарды жолға қою ісіне маңызды үлес қосып отырғанын сезініп, төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар теңдік, алаламау және өзара тиімділік принциптерін басшылыққа ала отырып, экономика, өнеркәсіп, ғылым мен техника саласында екі жақты қатынастарды ұдайы тереңдету мен жан-жақты ету жөнінде күш-жігерін ж ұ м с а й т ы н б о л а д ы .

2-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті ұлттық заңдар негізінде және ұлттық әрі халықаралық міндеттемелерге сәйкес тиісті шаралар қолдану жолымен екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы сауда-саттыққа және ынтымақтастыққа ж ә р д е м д е с е т і н б о л а д ы .

Осыған орай қаржыландыру мен орташа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер беру мәселелерінің маңызын ескеріп, олар аталған мақсатта тиісті ұлттық және халықаралық

құқықтық ұйғарымдар мен ережелерді ұстана отырып, экспорттың несиелер үшін мүмкіндігінше қолайлы шарттар мен кепілдіктер беретін болады. Бұл ретте Уағдаласушы Тараптар экспорттық кепілдіктер мен тиісті екінші Уағдаласушы Жақтың экономикалық және қаржылық потенциалы арасындағы өзара байланысты ескеріп о т ы р а д ы .

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы бөгетсіз байланыстарды қамтамасыз ету үшін құқықтық әрі материалдық алғышарттарды жасайтын болады.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда неміс экономикасы өкілінің Бюросы маңызды рөл атқаратын болады. Қазақстан Республикасы бұл Бюросының қызметіне жәрдем көрсетуге әзір екенін мәлімдейді.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар дәлме-дәл әрі өзекті экономикалық және іскерлік ақпараттың маңызын сезінеді. Сондықтан да олар екі мемлекет арасындағы экономикалық қатынастарды кеңейту үшін екіжақты экономикалық айырбасқа қатысушы - кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарға қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету жолында ынтымақтастық жасайтын болады. Екі мемлекет арасындағы экономикалық қатынастарды тереңдету үшін дұрыс әрі салыстырмалы статистикалық деректердің маңызын ескере келіп, Уағдаласушы Тараптар Германия Федеративтік Республикасының Федералдық статистикалық ведомствосы мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы т ы ғ ы з ын т ы м а қ т а с т ы қ т ы қ о л д а й д ы .

4-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдары арасындағы іскерлік қатынастарға кедергілерді ысырып тастауға немесе бірте-бірте жоюға өздерінің әзір екенін мәлімдейді. Нормалардағы айырмашылықтардың салдарынан осындай кедергілердің тууын болдырмау үшін олар құзырлы органдардың бұл салада

тығыз ынтымақтасуына жақтаушылық білдіреді. Мұндай ынтымақтастықтың егжей-тегжейі жеке уағдаластықтарда реттелетін болады.

5-бап

Қазақстан Республикасы неміс кәсіпорындары мен ұйымдарына өткізу нарқына кіру үшін үшінші елдердің кәсіпорындары мен ұйымдарына берілетіндей тең құқықтар беруге әзір екенін мәлімдейді. Германия Федеративтік Республикасы Еуропа Қауымдастығы шеңберінде қазақ кәсіпорындары мен ұйымдарына өткізу нарқына кірудің мүмкіндігінше неғұрлым кең құқықтар берілуі үшін атсалысады. Ол сонымен бірге Еуропа Қауымдастығының Қазақстан Республикасына салыстырмалы халықаралық мәртебесі деңгейінде басқа елдерге берілетіндей жеңілдіктер берілуін ж а қ т а й д ы .

6-бап

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттердің әрқайсысында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес фирмалар мен ұйымдардың филиалдарын құруға жәрдемдесу үшін өздерінің әзір екенін мәлімдейді. Бұл орайда олар филиалдардың орындарын ерікті түрде таңдау принципін басшылыққа алады. Екі мемлекеттің фирмалары мен ұйымдарына қолданылып жүрген халықаралық міндеттемелер шеңберінде үшінші елдердің фирмалары мен ұйымдарына қарағанда қолайлылығы кем емес режим берілуге тиіс. Бұл ереже бірдей деңгейде тиісті мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары шеңберінде мамандар мен басшыларды еңбекке орналастыру мен олардың жұмыспен қамтылуы жөнінде де қолданылады.

Уағдаласушы Тараптар ұлттық заңдар шеңберінде және халықаралық сауда практикасына сәйкес тиісінше екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан фирмалар мен ұйымдардың филиалдарына филиалдың ағымдағы жұмысы үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды әкелуге рұқсат етеді.

Уағдаласушы Тараптар тиісінше екінші мемлекетте коммерциялық мақсаттармен уақытша жүрген, өз фирмалары жөнінде айрықша білімді басшы қызметкерлер немесе мамандар, немесе жоғары яки салыстырмалы білімі бар мамандар болып табылатын азаматтарға, сондай-ақ олардың жақын туыстарына тиісті аумақ бойынша жүріп-тұру

мәселелерінде, сол сияқты мемлекеттердің әрқайсысында қолданылып жүрген заңдар мен мемлекетаралық уағдаластықтарға сәйкес сол елде болуға әрі жұмыс істеуге, іскерлік немесе осыған байланысты қызмет атқаруға қажетті өзге де шарттарды орындауға рұқсат беру мәселелерінде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін болады.

Уағдаласушы Тараптар қолданылып жүрген заңдар мен мемлекетаралық уағдаластықтар ережелерінің негізінде еңбекақы табу мақсатымен тиісінше екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына келуші азаматтардың болуына және қызмет істеуіне барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мәселелерінде де тең деңгейде ынтымақтастық жасайтын болады.

7-бап

Экономикалық ынтымақтастық нысандарын ерікті түрде таңдап алу, бірлескен, сондай-ақ дербес өндірісті қосқанда, мамандандыру, қосалқы мердігерлік, лицензиялық келісімдер, бірлескен және дербес кәсіпорындар және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тиісінше жүзеге асырылатын күрделі қаржы жұмсаудың басқа да нысандары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында ешқандай шектелуге жатпайды.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара тауар айналымын жан-жақты ету және оны сапа жағынан жетілдіру мақсатымен сауда жасауға жәрдемдесу үшін өз мүмкіндіктері шеңберінде лайықты шаралар қолданатын болады. Бұған жәрмеңкелер мен көрмелерге қатысуға жәрдемдесу, семинарлар өткізу, сондай-ақ өзара сауда жасасуға септігін тигізетін өзге де байланыстар жатады.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар энергия көздері мен шикізат материалдарын барлау, өндіру

және бөлу ісінде өзара бірлесіп іс-қимыл жасау өзара тиімді ынтымақтастық үшін айрықша тәуір перспективалар ашатыны жайында келісті. Сондықтан, олар екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдарының тиісті қызметін де мүмкіндіктері шеңберінде қолдайды және кеңейтеді.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде, сақтауда, ұқсатуда және бөлуде ынтымақтастық жасауға айрықша назар аударуға келісті. Осы мақсатпен олар өз мүмкіндіктері шеңберінде екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдарының тиісті қызметін, атап айтқанда, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, тасымалдауға және ұқсатуға арналған машиналар мен жабдықтарды жасау саласындағы қызметін қолдайтын және көтермелейтін болады.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің кәсіпорындары мен ұйымдардың:

- машина жасау,
- автомобиль жасау,
- электротехника,
- химия және фармацевтика салаларындағы ынтымақтастық қолдау және көтермелеу жайында келісті.

Аталған тізбе осымен тәмамдалмайды. Өзара мүдделі болып табылатын, ең әуелі, орташа және шағын кәсіпорындардың қатысуымен, экономиканың барлық салаларында ынтымақтастық жүзеге асырылатын болады.

12-бап

Уағдаласушы Тараптар шаруашылық инфрақұрылымының, атап айтқанда, көлік пен осы заманғы байланыс жүйелерін жасап, кеңейту саласының жобалары бойынша ынтымақтастық туралы уағдаласты.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар қазақ экономикасын қайта құруға бағытталған күш-жігердің табысты болуы үшін әскери өндірісті азаматтық өнімдер шығаруға / конверсия/ көшірудің өзекті мәні бар екеніне келісті. Сондықтан олар бұл салада тығыз ынтымақтасу жайында уағдаласты және өз мүмкіндіктері шеңберінде тиісті жобаларды қолдайтын болады. Қазақстан Республикасы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүдделі неміс кәсіпорындарына өз қажеттеріне талдау жасау үшін - мұның өзі конверсия жобаларын жасау үшін алғы шарт болып табылады - тиісті өндірістерге жол ашуды қамтамасыз етуге қажетті шаралардың бәрін қолдануға әзір екенін мәлімдейді.

14-бап

Уағдаласушы Тараптар бұл елде іс-қимыл жасайтын ұйымдар шеңберінде шикізат материалдары мен энергия көздерін тиімді, экологиялық жағынан қауіпсіз пайдалану саласындағы ынтымақтастықты тереңдете түседі.

Олар өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты экологиялық мониторинг, технологиялық қауіп пен апаттан сақтандыру, улы және қауіпті қалдықтарды өңдеу мен біржола көму, ауа мен су ресурстарының ластануына жол бермеу және оны азайту сияқты салаларда қолдануға әзір екенін мәлімдейді.

15-бап

Уағдаласушы Тараптар, өз мүмкіндіктері шеңберінде, ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады. Осы мақсатпен олар ғылыми-техникалық проблемаларды шешу және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін екі мемлекеттің ғалымдары, мамандары, ғылыми ұйымдары мен кәсіпорындары арасындағы байланыстар мен ынтымақтастықты қолдайды.

Мұндай ынтымақтастықтың нақтылы мазмұны екі мемлекеттің мүдделі ұйымдары арасындағы жеке уағдаластықтармен белгіленетін болады.

16-бап

Уағдаласушы Тараптар экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық үшін интеллектуалдық меншік құқықтарын тиімді қорғау ісінің шешуші маңызы бар екенін мойындайды. Бұл салада, оған, атап айтқанда, авторлық құқықтар, патенттер, пайдалы модельдер, өнеркәсіп үлгілері мен модельдері, тауар белгілері, тауар атаулары, өндірістік және коммерциялық құпиялар, технология, " ноу-хау" және "гудвил" кіреді, олар интеллектуалдық меншікті қорғау үшін олардың аумағында қолданылатын құқылық ұйғарымдар мен рәсімдер туралы ақпарат алмасудың көмегімен ынтымақтасуға өздерінің әзір екендігін мәлімдейді.

17-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті аумақта күрделі қаржы жұмсауды көтермелеу мен оны өзара қорғау экономикалық ынтымақтастықтың табысты болуының және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан күрделі қаржы тартудың маңызды алғышарты болып табылады деген өз пайымдауын қуаттайды.

Егжей-тегжейі Уағдаласушы Тараптар арасында күрделі қаржы жұмсауды көтермелеу мен өзара қорғау туралы Шартпен реттелетін болады.

18-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстандағы неміс текті азаматтар екі мемлекет арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту ісінде дәнекерлік қызмет атқаратынын мойындай отырып, олардың екіжақты экономикалық әрі іскерлік қатынастарға қатысуына жәрдемдесуге уағдаласты. 1992 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы Бірлескен мәлімдемеге сәйкес Қазақстан Республикасы қазақстандық неміс текті азаматтардың Қазақстанда тұрғын-жайларын сақтау үшін экономикалық алғышарттар жасауға ұмтылатын болады, сондай-ақ Германия Федеративтік Республикасының осы ұлтқа көмек беру жөніндегі, атап

айтқанда, орташа және шағын кәсіпкерлік саласындағы бағдарламаларының жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызады және қолдайды.

19-бап

Германия Федеративтік Республикасы Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы құруды қолдауға өзінің әзір екенін мәлімдейді.

Халықаралық ұйымдардың жәрдемдесу жөнінде жүзеге асырып отырған шараларына қосымша ретінде ол консультациялық және техникалық көмек беруді ұсынады. Ол, атап айтқанда, Германия Федеративтік Республикасының жаңа Федералдық жерлерінде жоспарлы шаруашылықтан нарықтық экономикаға өту барысында жинақталған тәжірибені Қазақстан Республикасына беруге әзір.

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасында нарықтық құрылымдарды қалыптастыруда, сондай-ақ тиісті қажеттерге қарай, атап айтқанда, нарық заңдарын әзірлеу кезінде консультациялық қолдау көрсету ісінде тығыз ынтымақтасуға уағдаласты. Германия Федеративтік Республикасы сол сияқты әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін құру ісінде де консультациялық қолдау көрсетуге әзір.

Уағдаласушы Тараптар консультациялық қолдау басымдылығы бар мынадай негізгі бағыттарда :

- кәсіпорындарды жекешелендіру мен монополиясыздандыруға;
- орташа және шағын кәсіпкерлік құрылымдарды құруға;
- қаржылық қызмет көрсету жөніндегі жүйені құруға шоғырландырылуы тиіс деген ортақ пікірге келді.

Қазақстан Республикасындағы неміс сарапшыларының консультациялық қызметінің шарттары жеке үкіметаралық келісіммен реттелетін болады.

20-бап

Уағдаласушы Тараптар нарықтық реформаларды жүргізу барысында экономика басшылары мен мамандарын кәсіптік даярлау, олардың біліктілігін арттырудың басымдылығы бар екеніне келісіп, бұл салада тығыз ынтымақтасуға уағдаласты. Германия Федеративтік Республикасы жәрдемдесу жөніндегі қазіргі бағдарламаларды Қазақстан Республикасына таратуға және, мүмкіндігінше, оларды кеңейтуге өзінің әзір

е к е н і н

м ә л і м д е й д і .

Уағдаласушы Тараптар кәсіптік даярлау саласында өз ынтымақтастығын тереңдетуге өз кәсіпорындары мен ұйымдарын ынталандыратын болады.

21-бап

Уағдаласушы Тараптар өзін-өзі басқаратын экономикалық одақтар, қауымдастықтар, экономиканы басқару жөніндегі басқа да мемлекеттік емес құрылымдар нарықтық құрылымның берік құрамдас бөлігі болып табылатынына бірдей көзқараста. Германия Федеративтік Республикасы өзінің мүмкіндігі шеңберінде, Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған құрылымдарды, атап айтқанда, сауда-өнеркәсіп палаталарының жүйесін құруға бағытталған күш-жігерін қолдауға және ынталандыруға өзінің әзір екенін мәлімдейді.

22-бап

Уағдаласушы Тараптар экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақ-герман Кеңесі екі мемлекеттің шаруашылық жағынан кооперациялануы үшін ұйымдық негіз болып табылады деген ортақ пікірді ұстанады. Экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің міндеті екі мемлекеттің экономикалық қарым-қатынастарына, олардың кәсіпорындары арасындағы іскерлік байланыстарға серпін беру және Қазақстан Республикасындағы нарықтық реформалар барысына жәрдемдесу мақсатымен Уағдаласушы Тараптардың ынтымақтастығы саласында басымдылықты анықтау болып т а б ы л а д ы .

Экономикалық ынтымақтастық Кеңесі өз мәжілістерін мүмкіндігіне қарай жылына екі рет, екі Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында кезекпен өткізеді. Мәжілістер Қазақстан Республикасы Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика жөніндегі федералдық министрлігінің басшы өкілдерінің бірлесіп төрағалық етуімен өткізілетін болады.

Экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің жеке мәжілістерінің күн тәртібі Уағдаласушы Тараптар арасында әрбір ретте алдын-ала келісу арқылы анықталады. Бұл орайда Уағдаласушы Тараптар тақырып икемділігі мен мәжілістер бағдарламасының тиімді болу талаптарын басшылыққа алады.

Экономикалық ынтымақтастық Кеңесі екі елдің кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастыққа баса назар аударады. Сондықтан бірлескен мәжілістерге екі мемлекеттің кәсіпорындарының басшылары мен экономика саласындағы басқа да жауапты өкілдері қатысады. Бұған қоса, нарықтық экономика саласындағы консультация жөнінде бір жұмыс тобы болады, оның мәжілістері, негізінен алғанда, Уағдаласушы Тараптардың Үкіметтері өкілдерінің басқаруымен өткізіледі.

Уағдаласушы Тараптар экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің мәжілісі әрбір жағдайда экономикалық саясат мәселелері жөніндегі пікір алысуға пайдаланылуға тиіс деген ортақ пікірге келеді.

23-бап

Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы, мүмкіндігінше тез арада, бүкіл дүниежүзілік экономиканың еңбек бөлісу жүйесіне, сондай-ақ халықаралық саудаға қосылса жөн болар еді деген пікірге келіседі. Германия Федеративтік Республикасы Қазақстан Республикасының тиісті талпынысын қолдауға келісті.

Уағдаласушы Тараптар өздері мүше болып табылатын немесе мүше болуға әзірленіп жүрген барлық халықаралық ұйымдар мен мекемелермен тығыз ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізді.

24-бап

Осы Шарт Уағдаласушы Тараптардың Үкіметтері оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы туралы бір-біріне ноталар тапсырған күні күшіне енеді. Соңғы нотаның келіп түскен күні Шарттың күшіне енген уақыты болып есептеледі.

25-бап

Осы Шарт он жыл мерзімге жасалады. Содан соң, егер Уағдаласушы Тараптардың

біреуі оның ішінде қалу мерзімі біткенге дейін кемінде алты ай бұрын оны бекерге шығару туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе өзінен өзі бес жылға ұзартылып
о т ы р а д ы .

26-бап

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қарым-қатынастарда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында экономика, өнеркәсіп, ғылым мен техника саласында кең ауқымды

ынтымақтастықты дамыту туралы 1990 жылғы 9 қарашада жасалған Шарт өз күшін жояды.

Бонн қаласында 1992 жылғы 22 қыркүйекте екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық текстердің күші бірдей.

Шарттың қазақша және немісше текстерін түсіндіруде алшақтық туа калса, онда орыс тіліндегі текстке басымдылық беріледі.

(Қолдары)

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.